



• QARAGANDY BUSINESS-2023

## Инвестициялық мүмкіндік: Қарағанды көш бастап келеді

Қарағанды облысы – өңдеуші өнеркәсіп көлемі бойынша елімізде көшбасшы. Ал, бизнесті жүргізу жеңілдігі бойынша рейтингте өңір екінші орынға көтерілді. Бұл туралы «Qaragandy Business-2023» форумында айтылды. Форумға қатысушылар «Бизнес-климатты жақсарту үшін тағы не істеу керек?» деген сұраққа жауап іздеп қана қоймай, сонымен қатар, экономикалық өсудің мүмкіндіктері туралы сөз қозғалды.



Форумға отандық тауар өндірушілер, бизнес-қоғамдастық өкілдері, сондай-ақ кәсіпкерлікті дамыту институттары жиналды. Олар байланысты нығайту, аймақтың даму перспективалары мен инвестициялық мүмкіндіктерін талқылады. Сонымен қатар, форумда машина жасау мен туризмді дамытуға баса назар аударылды. Бұл салалардың болашағы секцияларда егжей-тегжейлі қарастырылды.

Сондай-ақ, Қарағанды облысында өндірістің тауарлардың арнайы көрмесі ұйымдастырылды. Отандық өнімді мәшһүр еткен көрмеге жиырмадан астам жергілікті компания өз өнімдерін шығарды.

Пленарлық отырыста облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев, Стратегиялық бастамалар орталығының аға серіктесі Олжас Құдайбергенов, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры басқарма төрағасының орынбасары Нұрсултан Абдолла, «Атамекен» ҰКП атқарушы директоры Алматы Асқар сөз сөйледі.

– Біздің аймақ өндірістен бастап,

бастапқы және қайта өңдеуге дейінгі барлық өндіріс циклін қолдауға және қамтамасыз етуге маманданған. Біз одан да жоғары өндірістерге қызығушылық танытпаймыз және бұл үшін жағдай жасалған. 1,5 трлн. теңгеге 56 инвестициялық жобаның пұлы құрылды, оның 33-і өңдеу өнеркәсібінде. Креативті индустрияларды дамытуда, әсіресе, IT-салада зор әлеуетті көріп отырмыз. Бізде «Террикон алқабы» IT-хаб жобасы сәтті жүзеге асырылуда. Бұл – талантты және креативті жастарды жинайтын алаң. Мысалы, KZ Transit зауыты қазір инженерлік пластмассаларды 3D нұсқасында басып шығарумен, сыңған бөлшектерді қалпына келтірумен және тіпті, медициналық импланттарды жасаумен айналысады.

«Жол қалай» жобасы – жолдардағы шұңқырларды автоматты түрде анықтай алатын қалалық жол жамылғысын бақылау жүйесі. Мұнда жүйе патрульдік қызмет пен жедел жәрдем көліктерінен бейнәсіпкегіштер арқылы деректерді қабылдайтын болады. Бұл ақпарат коммуналдық

қызметтерге нақты уақытта жолдарды бақылауға мүмкіндік беретін картада көрсетіледі. Барлық жобалар назар аударуға лайық, бірақ, олардың іске асуы инвестиция тартуға байланысты екені белгілі, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Облыс әкімі біздің өңірде еліміздегі кокстелетін көмірдің барлығын, жылу көмірінің үштен бірін, түсті металдың 16 пайызын, асыл металдың 15 пайызын және феррокорытпалардың 5 пайызға жуығын шығаратынын жеткізді.

– Мұнда «Шұбаркөл көмір», «Қазақмыс» сияқты транзиттік компаниялар жұмыс істейді. Облыста одан әрі дамыту үшін қатты пайдалы қазбаларды барлау және өндіру бойынша әлеуетті 390 учаске бар. Бұл – көмір, алтын, темір-марганец, полимерлер және тағы басқа кен орындары. Біздің облыс өндіруден бастап бастапқы және қайталама өңдеуге дейінгі бүкіл өндірістік циклді қолдауға және қамтамасыз етуге маманданған.

➤ 2-бет

• БӘРЕКЕЛДІ!

## Бельгия елшісінің сыйлығы бұйырды

Қарағандыдағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушылары Бельгияның Қазақстандағы елшісі Анри Вантингемен кездесті. «Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн» халықаралық акциясы аясында елші оқушылармен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы мәдениет қалыптастырудың маңызы жайлы әңгімелесті.

Аяулым СОВЕТ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Биыл «Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн» жаһандық науқаны еліміздің барлық өңірлерінде өтті. Республикада аккредиттелген БҰҰ дипломатиялық миссиялары мен агенттіктерінің басшылары күш біріктіріп, еліміздің әр өңіріндегі жоғары сынып оқушылары мен ЖОО студенттері арасында конкурстар ұйымдастырды.

Жақында Бельгия елшілігімен бірге мектепте плакаттар мен эсселер байқаулары, сонымен қатар тұрмыстық зорлық-зомбылықты жоюға қатысты дебат ойындары өткен болатын. Елші сапары аясында жүздеген атанған 15 оқушыға естелік сыйлықтар табыс

білім мен тәжірибе елдің зияткерлік потенциалын дамытып қана қоймай, қоғам игілігі мен тыныштығына да бағытталады деп үміттенемін, – деді Анри Вантинге.

Эссе байқауының бас жүлдесі 11-сынып оқушысы Мәди Кенесовке бұйырды.

– Тұрмыстағы зорлық-зомбылық тақырыбындағы эссеге Қазақстандағы қазіргі жағдайлар арқау болды. Осы арқылы мен адамдарды зорлық-зомбылыққа қарсы күресуге үндегім келді. Бельгия елшісі Анри Вантингемен кездесу де шабыт сыйлады, – деді Мәди.

16 күндік белсенділік – әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты жоюға бағытталған жаһандық науқан. Шара аясында белсенділер бүкіл әлем бойынша әйелдер мен қыздарға қатысты зорлық-зомбылық мәселесін көтеріп, қоғамды ақпараттан-



Сурет облыс әкімінің сайынан

етті. Анри Вантинге әлемдегі қатыгездікті жоюға білім мен ғылым ықпал ететінін бас айтты.

– Сіздер тамаша мектепте білім алудасыздар. Осы жерден алған жақсы

дыруға және зорлық-зомбылық құрбандарына қолдау көрсетуге тырысады.

Науқанды 1991 жылы әйелдердің жаһандық көшбасшылық институтының белсенділері құрған.

### ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Газетке 2024 жылға жазылу науқаны жүріп жатыр. Жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта байланысының бөлімшелерінде, сондай-ақ, Ермеков көшесі, 33 үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімдеуге болады.

### НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

«Ortalyq Qazaqstan» газеті редакциясында баспа бағасы бойынша (жеткізу қызметтерінің құнынсыз) балама жазылу жүргізіледі.

Санаттар	Жеткізусіз	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 ай	5827,65	5891,70
	12 ай	11655,30	11783,40
Жеке жазылулар үшін	12 айға 4116	3079,65	3083,70
	12 ай	6159,30	6167,40

### Анықтама телефоны:

41-26-85,  
8-702-638-56-85, 8-705-902-04-05.

E-mail: ot.del.pochtovyy@bk.ru

## Сайланған әкім сенімді ақтай ма?

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің сайлау жүйесін жетілдіруге ерекше ден қойды. Осы саяси реформа аясында биыл бірқатар аудан, қала әкімдері пилоттық жоба ретінде тікелей сайланды. Қарағандыда екі аудан, бір қалада сайланған жаңа әкімдер жауапты қызметіне кіріскен еді. Алаш арыстарының алтын бесігі Ақтоғай өңіріне іссапарменен жол түсіп, мұндағы халық таңдауы түскен әкім Руслан Кенжебековпен жолығып, сайлауалды бағдарламасындағы ауданның экономикалық әлеуеті жөнінде әңгіме орбіткенбіз.



Қасымхан БҰРКІТҰЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Жасыратыны жоқ, Ақтоғай ауданына апарар жолдың бұған дейін сыны біршама кеткен болатын. Қазір аудан орталығына дейінгі шамамен жарты жолды асфальттап қойыпты. Алғашқыда тағайындалған Руслан Айтықенұлы қызметіне кірісе сала, тозығы жеткен тасжолдың жөндеу

жұмыстарына күш салыпты. Жол мәселесі жаңа әкімнің сайлауалды бағдарламасында да алғашқы мәселелердің тізімінде көш бастап тұр екен. Келер жылы бұл жұмысты Ақсу-Аюлы ауылына дейін жеткіземіз деп отыр.

Иә, рас, Ақтоғайдағы шалғай ауылдарда ауыз су мәселесі әлі де өзекті. 2025 жылға дейін барлық елді мекендерді орталықтандырылған ауыз су жүйесімен қамтуды жоспарлап отыр. Бүгінгі күні



РЕФОРМА –  
ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

шағын ауылдарға су тартылу жұмыстары жүруде.

– Биылғы жылы Қуаныш (409 млн.) және Үшарал ауылдарына (312 млн.) су тартылуға. Ал 364 млн. теңге қаржы қарастырылған Жалаңаш ауылында келесі жылы аяқталмақ. Бұл жұмыстарға облыстан да, республикадан да қаржы бөлінген. Келер жылы 343,6 млн. теңге бөлініп отыр. Ақтоғай 4 кезек, Қарасу, Ақжайлақ елді мекендеріне су тартыламыз. Жобаны іске асыруға құжаттар толықпен әзірленген, – дейді Руслан Айтықенұлы.

Биыл Шашубай кентіндегі 100 пәтерлік үйді қалпына келтіру жұмыстары аяқталып қалыпты. Ақтоғай ауылында жеке инвестициялар есебінен салынған 10 пәтер 150 млн. теңгеге сатып алынды. Пәтер кезегін төмендету үшін осы бағыттағы жұмыстар жалғасатынын айтты жаңа әкім.

– Аудан бойынша тұрақты электр жарығымен қамтамасыз ету де маңызды мәселеміз. Нысандарды «ЖезРЭК» АҚ иелігіне өткізу үшін келіссөздер жүргізіліп, арнайы жол картасы әзірленді. Жол картасына сәйкес «ЖезРЭК» АҚ-на құжаттар тапсырылды. Бүгінгі күні нысандарды күтіп ұстау, тұрғындарды үздіксіз электр қуатымен қамтамасыз ету мақсатында арнайы жұмыс тобы құрылып, «ЖезРЭК» АҚ-ның мамандарымен бірлесіп отырып электр желілерін түгендеу және құжаттарын сәйкестендіру жұмыстары жүргізілуде. Бүгінгі күні құжаттарды реттеу, өзгеріс енгізу бойынша тиісті іс-шаралар атқарылууда, – дейді сайланған әкім. Демек, жел үп етсе, жапп етіп сөнетін жарықтың сапасы артатынына үміт бар.

➤ 3-бет



# Инвестициялық мүмкіндік: Қарағанды көш бастап келеді



(Соңы. Басы 1-бетте)

Ауыл шаруашылығы өнімінің көлемі бойынша республикада алдыңғы қатардамыз. Жұмыртқа өндіруден үшінші, картоп өндіруден төртінші, сүттен жетінші орындамыз. Біздің өндірушілер облысты ғана емес, басқа да өңірлерді азық-түлікпен қамтамасыз етуде.

Сондықтан, көкөніс пен картопты өңдеу, ет өңдеу, сондай-ақ ауыл шаруашылығы жануарларының терісі мен жүнін өңдеу саласындағы жобаларға қызығушылық танытар едік, – деп атап өтті облыс әкімі.

Қарағанды облысы – туризмге сұранып тұрған аймақ. Мұнда ТОП 10 кіретін Балқаш, ТОП-50 кіретін Қарқаралы бар. Ендігі мақсат – жаңа инвесторлар тарту.

– Тағы бір әлеуетті бағыт – туризм. Біз тартымды туристік

бағыттарды, сонымен қатар, жоғары деңгейдегі қызмет көрсету мен жоғары сапалы логистиканы туризмді дамытудағы табыс деп санаймыз. Қарқаралы ауданы мен Балқаш – облыстың басты туристік аймақтарының бірі. Қазір біз автобан құрылысын аяқтауға жақынбыз. Бұл бірегей көл жағасында әдемі демалысты ұйымдастыруға жол ашады. Қарқаралы өңіріне баратын 50 шақырым жол жөнделді, келер жылы тағы 50 шақырым жөнделіміз. Осылайша ондағы 70 гектар жерді туристік бағытқа дайындаймыз. Жобаға қызығушылық танытқан инвесторлармен жұмыс істеуге дайынбыз. Быыл өңірде 7 демалыс аймағы ашылған, келесі жылы тағы 7 демалыс орны өз жұмысын бастайды. Онда 1,5 млрд. теңге инвестиция салынған. Қарағанды облысы 1 жыл ішінде бизнеске қолай-

лы жағдай жасаудан 5-орыннан 2-орынға көтерілді. Мұны Жоғары аудиторлық палата өкілдері растап отыр. Облыстың туристік бағытына 2 ұлттық табиғи парк – Қарқаралы және Бұйратау және 2500-ден астам тарихи және мәдени ескерткіштер кіреді, – деді Ермағанбет Қабдулаұлы.

Өңірде кәсіпкерлікке оң қолдау қалыптасқан. Шағын және орта бизнестің 5 мыңға жуық жобасы қаржылық қолдауға ие болды (гранттар, жеңілдетілген несиелер мен субсидиялар). Өрбір жоба экономиканың дамуына зор үлес қосып отыр.

Сонымен қатар, инвесторларға ыңғайлы болу үшін инвестициялық жобаларды қолдау бойынша қызметтердің толық пакетін ұсынатын Сервистік орталық іске қосылды.

Кәсіпкерлердің пікірінше, мұндай кездесулер тек өзін таны-

стыруға ғана емес, өзара тиімді байланыс орнату үшін қажет.

– Біздің зауытымыз «Сарыарқа» АЭА-да орналасқан. Біз резеңке металл төсем шығарамыз. Инвесторлар үшін барлық жағдай жасалуда. Өз алаңымызды, өнімдерімізді кеңейтіп жатырмыз. Қюю зауытын салу үшін тағы да жер телімін алдық. Бұл – жаңа жұмыс орындары дегенді білдіреді. Қазір кәсіпорында 72 адам жұмыс істейді, ал, жаңа өндіріс орыны ашылғаннан кейін жұмысшылар санын 200-250 адамға дейін арттыруды жоспарлап отырмыз, – дейді кәсіпкер Қуандық Қазанғапов.

Облыстық мәслихат депутаты, кәсіпкер Асқар Оразбеков болса: – Біздің компания қазіргі кезде бірнеше жаңа жобаларды қарастырып жатыр. Қазір бізде 200-ден аса адам жұмыс істейді. Оның көбі – Қазақстан азаматтары, – деді.

Тағы бір маңызды тақырып – елішілік құндылықты дамыту тетіктерін жетілдіру. Отандық өндірушілер тауарлар мен қызметтерді сатып алу жоспарларымен танысып, байланыс орнату үшін форумға «Қазақмыс» компаниясының өкілі арнайы шақырылды.

Форумда Қарағанды облысының әкімдігі мен «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС арасында елішілік құндылықтарды дамытуда өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

Айта кету керек, соңғы жылдары 5 мың бизнес жобаны жүзеге асыру үшін облыстық бюджеттен 23 млрд. теңге бөлінді. Нәтижесінде шағын және орта кәсіпорындар өндірген өнім көлемі 3,5 есеге артты. Осы салада 240 мыңға жуық азамат нәпақасын тауып отыр.

## Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ

Суретті түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

# Тосын қауіпке – тастүйін дайындық



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Өңір басшысы Ермағанбет Бөлекпаевтың қатысуымен өткеру аппараттық кеңес жылғы маусымның ойдағыдай өткеру мәселелеріне арналды. Теміртауда ескі қала тұрғындарын жылытатын ҚарГРЭС-1 кәсіпорны апатты жағдайға байланысты мазут отынына көшті. Қажетті температуралық режим 86/64 жоспарымен салыстырғанда 87/65 режимін құрайды. Станцияда жанармай қоры жеткілікті.

## Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

– Теміртаудағы жағдайға келсек, кеше түнде сонда болдым. Шұғыл шаралар қабылданды. Қазір станция штаттық режимде жұмыс істеп тұр, – деді облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев аппарат отырысында.

Жылу беру маусымын өткеру барысы туралы Қарағанды облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Ербол Төлеуов пен қала және аудан әкімдері есеп берді.

– Барлық жеті энергия және жылу тарату көзінің қызметі қалыпты. Ал, Теміртау қаласындағы екінші жылу электр орталығында бүгінде бес қазандық пен үш турбина жұмыс істеп тұр. №1 қазандық пен бір турбина жөнделуде. Облыс қоймаларында 1 миллион 473 мың тонна көмір, 19 мың тонна мазут бар. Көмірдің нормативтік қоры барлық энергия көздерінде бірдей сақталуда, жағдай тұрақты. Теміртауда ГРЭС-1-де температуралық қызмет кестесі қалпына келтірілді. Кешкілік мез-

қалдырмаймыз, – деп сендірді қала әкімі Мейрам Қожухов.

– Өмірлік маңызы бар нысандардың жұмысына бақылауды күшейту қажет. Әсіресе, энергетикалық қадағалау амалдарымен бірге барлық жылу электр орталығының жай-күйіне мұқият болу маңызды. Төтенше жағдай орын алған жағдайда жедел топтар легі даяр болуы керек, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Штаттан тыс жағдайларға жедел ден қою үшін Ербол Төлеуов барлық кәсіпорындарда авариялық-техникалық топ құрылып, жалпы саны 128, ал жеке құрамда 2 118 адам даяр тұрғанын жеткізді. Материалдық-техникалық құралдар мен жанар-жағармайдың қажетті қоры да бар. Барлық қажетті нысандар 647 бірлік көлемінде көлікпен және арнайы техникамен жабдықталғандығын қосымша хабарлады салалық басқарма басшысы.

Қарағанды облысында жосықсыз жүзетін 824 су көлігі тіркелді. Бұл деректі бақылау патрульдері тіркеді. Құқық бұзушылар айыппұл арқалайды.

– Бұл мәселені табиғи ресур-



Сурет облыс әкімінің сайтнан

гінде жүйе іске қосылып, қалада жылу штаттық режимде беріледі, – деп мәлімдеді Ербол Төлеуов. Өз кезегінде облыс әкімі барлық қазандықтар мен әлеуметтік қамсыздандыру нысандарында тәулік бойы кезекшілік ұйымдастыруды қадап тапсырды.

Аудан мен қала әкімдері де жағдайдың тұрақты екендігін бірауыздан жеткізді.

– Бірінші жылу электр орталығының температурасын 105 градусқа дейін көтеруге мүмкіндігіміз бар. Өйткені, кешке қарай аяз көтерілуі мүмкін. Халықтың түрлі шағымы мен өтінішіне тап сол жерге барып жауап береміз. Әлдебір көмек қажет болған жерге барып, ел тілегін назарсыз

стар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасымен бірлесіп шешеміз, – деді Қарағанды облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясының басшысы Серік Башимов сөз алып. Оның айтуынша, тексеру нәтижелері бойынша осы маусымда өзен қайықтарын пайдалануға тыйым салуға ондаған нұсқама мен ескерту берілген. Су көліктерін бақылау саласында 81 әкімшілік іс қозғалып, 450,2 млн. теңгеге айыппұл салынды.

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев су көлігін пайдалануды қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша жұмысты жалғастыру қажеттігін атап өтті. Бұл сұдағы жазатайым оқиғалардың қаупін барынша азайтады.

## • БҰҰ-НЫҢ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КОНВЕНЦИЯСЫНА – 20 ЖЫЛ

# Күресте күш біріктіргендер марапатталды

9 желтоқсанда Біріккен Ұлттар Ұйымының сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясына 20 жыл толды. Осыдан бастап, бұл күн Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күні болып жарияланды. Атаулы күнге орай, Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің басшысы Сергей Перов облыста сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға үлес қосқан 35 тұлғаға грамоталар мен Алғыс хаттар табыстады.

## Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Салтанатты шара барысында қоғамда жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған «Адал бол LIKE» марафонына белсенді қатысқан өңірлер де аталды. Бұқар жырау, Осакаров және Шет аудандары әкімдерінің аппарат өкілдері Алғыс хат және естелік сыйлықпен марапатталды.

Бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері арасында өткен



байқау нәтижесінде «Үздік газет мақаласы» номинациясы бойынша, «Литер» республикалық қоғамдық-саяси газетінің меншікті тілшісі Самал Шиль жеңімпаз болды. «Үздік әлеуметтік бейнеролик» аталымында, бейнеоператор Қуаныш Сүлейменов үздіктер қатарынан көрінсе, «Ең үздік пост» номинациясындағы дипломды «LIFE 09» интернет редакциясының ұжымы еншіледі. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыптағы үздік сюжет» номинациясында «Atameken business» республикалық арнасының тілшісі Айман Сағатай қара үзді. «Вайн форматтындағы үздік бейнеролик» аталымында вайнер Баян Қабденов үздік деп танылды.

Мерекелік шара концерттік бағдарламаға ұласты.

Сурет шараны ұйымдастырушылардан алынды

# Қоғамда қағажу көрмесін деп...

Мүмкіндігі шектеулі балалар қоғамда ешқандай қағажу көрмеуі тиіс. Аймақтағы ерекше қажеттілікті қажет ететін балалардың жағдайы үнемі облыс әкімдігінің назарында. Осы орайда аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев ерекше балалардың ата-аналарымен дәстүрлі онлайн кездесу өткізді. Медицина, білім беру, әлеуметтік қорғау және спорт мәселелерін талқылауға басқарма басшылары, қалалар мен аудандардың әкімдері қатысты.

Кездесу барысында ведомство басшылары облыс әкімі берген тапсырмалардың қалай орындалып жатқаны жөнінде баяндады. Білім басқармасы басшысының міндетін атқарушы Азамат Бөлкенбаев арнайы және инклюзивті сыныптар желісін кеңейту жұмыстарының жалғасын жатқанын айтты.

– Биылғы оқу жылында 40 арнайы сынып, 2 мыңнан астам жалпы сынып жұмыс істейді. Онда ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар оқып, білім алады. Ал, 10 арнайы мектеп-интернатта 194 сынып бар. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 13%-ға көп. Келесі оқу жылында көру қабілеті бұзылған балаларға арналған мектеп-интернатта интеллектісі дамымай қалған оқушыларға арналған сыныптар ашуды жоспарлап отырмыз, –

деді Азамат Бөлкенбаев.

Дерекке сүйенсек, облыста 18 жастан асқан ерекше балалардың әлеуметтенуіне және білім алуына назар аударылуда. Облыстың алты жоғары оқу орнында мүмкіндігі шектеулі 217 студент оқиды. Жоғары оқу орындары да өз тарапынан қажетті қолдауды көрсетеді. Мысалы, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінде де мұндай оқушыларға студенттердің үйлерінде тегін тұруға мүмкіндік беріледі. Биыл облыс әкімінің грантын алу үшін алты талапкер өздерінің бизнес-жобасын қорғайды.

Бұған дейінгі кездесуде ерекше қажеттілікті талап ететін балалардың ата-аналары емхана-лар жанынан ЕДШ (емдік дене шынықтыру) кабинеттерін ашуды сұраған еді.

– Бізде 37 медициналық-са-



Сурет шәкілдер көзінен

нитарлық алғашқы көмек ұйымы бар, оның 13-інде емдік дене шынықтыру кабинеттері ашылды. Сондай-ақ, анестезиологиялық құралдармен МРТ (маг-

балалар клиникалық ауруханасында МРТ және КТ кабинеті ашылды. Онда анестезиологиялық құралдармен зерттеулер жүргізуге мүмкіндік болады, –

деп хабарлады денсаулық сақтау басқармасының басшысы Бибігүл Төлегенова.

Ақпараттандыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасының басшысы Константин Ильницкий мүгедектігі бар адамдар үйден шықпай-ақ барлық қажетті ақпаратты біле алуы үшін екі басқарманың сайттарында бірыңғай өңірлік бөлім құрылғанын хабарлады.

– «Ерекше қажеттіліктері бар жандарды қолдау шаралары» мамандандырылған бөлімі құрылды. Біз интернет-ресурстардың бірыңғай платформасын портал үшін негіз ретінде пайдаландық. Бөлім білім және жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармаларының беттерінде орналастырылған және 14 түрлі сервисті біріктіреді. Мұнда әлеуметтік қызметтер, курорттық емдеу, инклюзивті тауарлар туралы ақпарат және тағы басқа қызметтер бар. Қажетті ақпаратты екі тілде алуға болады, – деді Константин Ильницкий.

Аймақ басшысы алдағы уақытта ақпарат толықтырылатынын айтты. Кері байланыс алу



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

және бөлімнің пайдаланушыларға қаншалықты ыңғайлы екенін түсіну қажеттігін де назардан тыс қалдырмады.

– Мен басқарма басшыларынан ерекше қажеттілігі бар балалардың ата-аналарымен үнемі байланыста болуды сұраймын. Көп жұмыс атқарылды. Бірақ, әлі де кезек күттірмейтін жұмыстар күтіп тұр. Барлық жағдай үнемі жұмыспен қамтуда. Туындаған барлық мәселені бірлескен күш-жігермен уақытылы шешетін боламыз, – деді Ермағанбет Қабдулаұлы.

Ата-аналар мен қоғам белсенділері басқарма басшылары мен облыс әкіміне тікелей сұрақтарын қойып, тұщымды жауап алады. Барлық өтініш қаралып, жауаптары келесі кездесуде ел назарына ұсынылмақ.

Өз тілшімізден



# Сайланған әкім сенімді ақтай ма?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Сонымен қатар, аудан басшысы биыл Қызыларай ауылында фельдшерлік-амбулаториялық пункт құрылысы басталса, келесі жылы Айыртас, Кусақ, Ақжайдақ, Орталдересін, Қуаныш, Ақтас, Үшарал, Кежек, Нұркен ауылдарынан салынатынын жеткізді.

Сарышаған кентіндегі мектеп-интернатқа және «Айгөлек» балабақшасына, Шашубай кентіндегі мектеп-балабақша кешеніне, Қ.Нұржанов атындағы мектепке, Ә.Ермеков атындағы мектепке күрделі жөндеу жұмыстарын жоспарлап отыр. Келер жылы «Қазақстан халқына» қоры арқылы Шашубай кентінде шамамен 250 млн. теңгені құрайтын денешынықтыру-сауықтыру кешені салынбақшы.

– Ауданға инвестиция тарту, тау-кен өндірісін дамыту бағытында ауқымды шаралар атқарылғалы тұр. Былтыр бастау алған «Ирқаз Металл Корпорациясы» ЖШС «Борлы» кен орнында катодты мыс өндіретін гидротал-лургиялық зауыттың құрылысы 9,0 млрд. теңгеге іске қосылып, 125 адам жұмыспен қамтылды.



Сурет ашық әрекеттен алынған

Биыл «Balqash Resources» ЖШС «Қаратас 2» кен орнында 4,3 млрд. теңгенің темір және түсті металл өңдеу өндірістік кен-байыту кешені құрылысы жұмыстарын бастады, жоба толық күшіне 2025 жылы енеді. 303 жаңа жұмыс орнын ашылып қалар деп күтіп отырмыз. «SAQ-NS» өндірістік кооперативінде заманауи неміс технологиясы бойынша қымзы өндіру цехы салынды. Өнімділігі тәулігіне – 1200 литр. Жоба құны – 82 млн. теңге. «SAQ-NS» өндірістік ко-

оперативі тәулігіне 5 тонна ет өндіретін модульді мал сою цехын ашақшы. Жартылай фабрика тәулігіне өнімдерін шығарады. «QAZAQ STEPPE SHEEP» ЖШС 9000 мал өсіретін мега-ферма құрып, жылына 420 тоннаға дейін ұсақ малдың етін өңдеуге арналған ет комбинатын салу жоспарда бар. Ал, «Global Beef Products» ЖШС 2 мың асыл тұқымды ангус ірі қара малын өсіруде. Осындай, ірі жобалар ауданымыздың экономикалық өсімін арттырады, – дейді әкім.

Игерілмей жатқан жайылымдық және шабындық жерлерді мемлекет меншігіне қайтару мәселесі де белсенді жүргізілуде. Аудан бойынша биыл 192,9 мың гектар ауыл шаруашылығы жерлері қайтарылды. Жерлерін пайдаланбай отырған 18 шаруа қожалығы, яғни 73212 гектар жер теліміне мониторинг жүргізіліп, облыстық жер ресурстарын басқару департаментіне тексеріс жүргізу үшін жолданды.

Сайланған әкімнің сайлауалды бағдарламасындағы негізгі мәселелер реті – осындай.

– Мемлекет басшысының тапсырмасымен алғаш рет пилоттық режимде аудан мен қала әкімдерін сайлауында алғашқылардың бірі болып Ақтоғай ауданының тізгінін ұстады. Осы сайлауда аудан тұрғындары маған зор сенім білдірді. Шын мәнінде, ел сенімін еш нәрсемен өлшеу мүмкін емес. Халықтың сенімі – ең құнды нәрсе. Жерлеріміздің қолдауымен ел тізгінін ұстау – ең биік мәртебе, – деп әңгімесін түйіндеді Руслан Айттықұлы.

**Ақтоғай ауданы**

## • ТӘУЕЛСІЗДІК МЕРЕКЕСІ ҚАРСАҢЫНДА

# Мәдени бірлестіктерге тарту

Бүгінде Теміртау қаласында жүзден аса ұлт пен ұлыстың өкілдері тату-тәтті өмір сүріп жатыр. Осында олар құрған 10 ұлттық этномәдени бірлестік жұмыс істейді. Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында осы құрылымдарға қала әкімінің ақшалай сыйлық сертификаттарын тапсыру салтанаты өтті.

Ержан ИМАШ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Металлургтердің Мәдениет сарайында өткен салтанатта сөйлеген сөзінде Теміртау қаласы әкімінің орынбасары Сағат Зияшев: – Биылдан бастап, қаламыздың әкімі Ораз Тәуірбековтің шешімімен аталған этномәдени бірлестіктерге қаржылай қолдау көрсету ұйғарылды. Қазірде оның қоры 3 миллион теңгені құрайды. Олардың жұмысын одан әрі дамытып, өрістету үшін біз бүгін әрқайсына 300 мың теңгеден табыс еткелі отырмыз, – деді.

Салтанатты шара басталар алдында Мәдениет сарайының фойесінде ұлттық этномәдени бірлестіктердің көздің жауын алатын көрмесі болды. Келген жұрт қаз-қатар тізілген жайма сөрелер-



ден ұлттық нақыштағы бұйымдар мен колонер туындыларын көріп, тамашалады. Мәселен, «Қазақ мәдени орталығының» өкілдері Қымбат Ахметова, Сәлима Тоқбаева, Советкүл Бекбосынқызы өздері оюлап тіккен құрақ көрпелері мен

жастықшаларын әкеліпті. «Ән-вар» татар-башқұрт этномәдени бірлестігінің басшысы Рифат Хакимов өздерінің ұлттық киімдерін жарнамалап жатса, «Понтос» грек

мұртын ширатқан зейнеткер Евгений Отводенко құрылғанына бір жыл болған өз ұйымдарының қазактар қауымдастығының жақсы дәстүрлерін жаңғыртып, жастар бойында отансүйгіштік сезімді қалыптастыруды мақсат етіп отырғандарын айтты. Бұдан басқардай немістердің «Видергебурт», эзирбайжандардың «Достлуг», чуваштардың «Шанчек», орыстардың «Берегиня», көрестердің «Кореяна», поляктардың «Полония» этномәдени бірлестіктері ұсынған жәдігерлер ешкімді де бейжай қалдырмай, көпшіліктің қызығушылығын туғызды.

Келесі кезекте ғимараттың ақ залында жоғарыдағы этномәдени бірлестіктердің әрбіріне Сағат Саятұлы Теміртау қаласы әкімінің 300 мың теңгелік сыйлық сертификаттарын табыстап, салтанат соңы олар әзірлеген үлкен концертке ұласты.

Жалпы «Қазақстан – ортақ үйіміз» айдарымен өткен бұл шара құрыш қаладағы этникааралық және ұлтаралық келісімді одан сайын нығайта түсері сөзсіз.

**ТЕМІРТАУ**

Суретті түсірген автор

## • ҚАЙЫРМДЫЛЫҚ

# Сұлулық бәрібір күтқарады

Көрермені тәлімсіз, мың бұрала билеген бишілер. Сахнадағыларды қайдам, залда отырғандар құдды бір арбағандай көз алмай қарайды. Әсемдік, кербездік, әдемілік атаулы жиналып, осы сахнада бас қосқан. Музыка былай қалып, бидің өзіне тіл бітірген қыздар сахнада еркін қозғалады. Айналаның бәрі ұмытылып, қайда отырғанын естен шығады. Би жарысы, болмаса, сұлулық байқауы деп ойлаңыз. Жоқ, олай емес. Көрермендер ше? Жасы да, жасамысы да, сарысы да, қарасы да бар. Бәрі әйел. Әйел жүрген жерде әдеміліктің болатыны, әйелдің қолы тиген дүниенің бәрі ерекше құбылып шыға келетіні бар емес пе?! Залда да осындай бір ерекше атмосфера орнаған. Қолың тисе шашырап, сынып кетердей мөлдірен нәзіктік. Бұл – концерт залы деп ойласаңыз, қателескеніңіз. Бұл – Абай ауданы, Көксу кентінің Северное ауылында орналасқан қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің №32 түзеу мекемесі. Яғни, әйелдер колониясы. Ал, қойылым өтіп жатқан жер осы мекеменің асханасы. Сахнадағы әртіс те, залдағы көрермен де – жазасын өтеп жатқандар.

Салтанат ІЛНІЯШ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Сотталғандарды тәрбиелеу және оларды мекеменің қоғамдық өміріне тарту, спортты дамыту мақсатында аталған мекемеге арнайы келген Гинесстің рекордтар кітабының әлемдік рекордшысы, Туризм және спорт министрлігінің ресми амбасадоры, қоғам қайраткері, актер, «Құрмет» орденінің кавалері, түрлі қайырымдылық жобалардың авторы, Қажымұқан мен Балұан Шолақ тәрізді қазақ балуандарының дәстүрін жалғастырушы Сергей Цырульниковты жазасын өтеп жатқандар осылай қарсы алды.

Сергей Валерьевич – үшінші жыл қатарынан өткізіліп келе жатқан «100 ауыл» бірегей жобасының авторы. Жоба қайырымдылықты ғана емес, сонымен қатар, ауыл жастарымен тәрбие жұмысын, шеберлік сағаттарын, мотивациялық кездесу өткізуді де қамтиды. Жобаны рекордшы өз қаражаты есебінен жүргізетінін де айту керек.

Сергей Цырульников қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің №32 мекемесіне де құр қол келмеген. Спортты дамыту мақсатында келген рекордшы бұл жолы



футбол, волейбол доптарын және тағы да басқа қажетті құрал-жабдық ала келген.

– Біз тұрақты түрде түрлі мекемелерге барамыз. Олардың қатарында түзету мекемелері де бар. Сотталғандар – халықтың әлеуметтік осал топтары қатарында. Олармен белгілі бір жұмыстар атқарылуы тиіс. Құр қол келген жоқпыз. Аздаған сыйлықтарымыз да бар. Бірақ, негізгі міндетіміз – тәрбиелік жұмыс жүр-

гізу. Бізді жақсы қарсы алды. Кездесуден алған әсеріміз тамаша. Біз де түзету мекемесіндегілерге мотивация сыйладық деген ойдамын, – дейді Сергей Цырульников.

Сергей Цырульниковпен бірге түзету мекемесіне келген Қарағанды облысының спорттық және жауынгерлік самбо федерациясының президенті Ержан Халилин болса кездесу ұйымдастырудағы тағы бір мақсат – жазасын өтеп жатқандардың

көңіл-күйін көтеру болғанын да айтады.

– Сергей Валерьевичтің «100 ауыл» жобасымен елімізде 107 ауыл қамтамасыз етілгенін айту керек. Бұл ретте 35 мыңнан астам бала спортқа және саламатты өмір салтына тартылған. Рекордшы кездесуге түрлі сыйлықтар ала келді. Бұл өз кезегінде жазасын өтеп жатқан әйелдердің бойында алдағы күнге, жақсы өмірге деген құлшынысын оятатыны сөзсіз, – деді Ержан Маманұлы.

Ал, сахнада өнер көрсеткен бишілердің бірі – 34 жастағы Дильда Диосупова болса, кездесуден ерекше шабыттанығанын айтады.

– Жастайымнан ата-анама еркелеп өстім, қалағанымың бәрі орындалатын. Қандай қиындыққа тап келсем де, өмірімде не жағдай болса да, олар маған көмектеседі деп ойладым. Бірақ, небары 100 мың теңге үшін қазір осы жердемің. Солдай болса да өкінірім жоқ. Мекеме маған еңбек етуді үйретті. Қазір көзқарасым өзгерген, тұлғалық қалыптасу жолынан өту демін. Қиындық адамды шыңдай түседі емес пе?! Жаның қиналғанда өткеніңе көз жүгіртіп, болашаққа деген сенімің арта түседі екен. Сол арқылы өз-өзіңді тәрби-

елейсің. Осы жерге түскеннен кейін киім тігуді үйрендім. Қанша қиын болса да, үлкен өмірлік сабақ. Бірақ, еркіндіктің аңсайсың. Бостандыққа жетер не бар дейсің?! Кездесу өте әсерлі өтті. Сергей Цырульниковтың өмір тарихын есту – біз үшін қызықты. Алдағы күнге деген сеніміміз нығая түсті, – дейді Дильда Диосупова.

Сергей Валерьевич жазасын өтеушілерге түрлі өнер көрсетіп, өміріндегі қызықты оқиғаларымен бөлісті. Соның бірі – таға ию. Белгілі палуан Қажымұқан Мұңайтпасовтың 150 жылдығына арналған іс-шарада ауыр салмақты жылқыларға пайдаланылатын төрт тағаны небары 37 секундта иіп, Гинесстің рекордтар кітабына енген.

Одан бөлек, темірді балшықша илейтін балуан 200 мм-лік шегеден де түйін түйеді. Өзінің айтуынша, жүрекке ұқсатып түйіндеген мұндай шегені рекордшыдан 4 миллион 800 мың теңгеге сатып алған. Осы жолы алып күш несі дәл осындай шегені сұрақ-жауап барысында ең үздік сұрақ несіне сыйлады.

Суреттерді түсірген  
Руслан КАЮПОВ

## • ГРАНТ

# «Талаптыға нұр жауар»

Бүгінгі таңда жаңа туған шақалаққа массаж міндетті. Бұл ретте жас сабидің сүйегі мен қимылы еркін, тез дамиды. Осындай игі іске бет бұрған Қарқаралы тұрғыны Гюзель Орынбекова аудан әкімінің грантын алып, оны массаж кабинетін ашуға жаратты.

Жан АМАНТАЙ,  
«Ortalyq Qazaqstan»



Гюзель бірнеше жыл бойы Қарқаралы емханасында медбике болып жұмыс істеген. Медициналық білімі де бар. Бұдан соң, жергілікті оңалту орталығында еңбек еткен. Ал, қазір бала күтімімен демалыста. Десек те, Гюзель осы сәтті тиімді деп шешіп, сауықтыру массажы мен моторлық онтогенез техникасы бойынша онлайн курстан сабақ алыпты.

– Екі жыл бойы үй-үйге барып, массаж жасадым. Содан осы уақыт аралығында менің жеке клиенттік базам да қалыптасты. Қарқаралыда массаждың барлық техникасын менгерген және қызметтердің толық кешенін көрсететін сертификатталған шеберлер жоқ. Сондықтан, ата-аналар мені өздері

іздеп тауып, балаларымен Гюзель істеуді өтінетін, – дейді Гюзель.

Мемлекет қолдауына ие болған ол сол қаражатқа арнайы гидромассаж ваннасын, төсек-жабыдықтарды және басқа да қажетті дүниелерді сатып алған.

Қазір Гюзель өз кабинетінде бұлшықет гипертониясы, дисплазия және басқа да қимыл-қозғалысында қиындықтары бар нәрестелерді қабылдайды. Сонымен қатар, мұнда әртүрлі аурулары бар ерекше балалар да ем алуға келеді екен. Шамамен бір сағатқа созылады ем-дом. Сондай-ақ, керек кезінде электрофорез, парафин терапиясын да жасайды.

Суретті түсірген автор

**Бокетов Қарағанды университетінің экономика және заң факультеттері түлектері бакалавриат пен магистратураның келесі мамандықтары бойынша мамандар даярлайды:**

«Т-жәсіпкерлік және цифрлық экономика», «Математикалық экономика, статистика және деректерді талдау» (информатика + математика), «Экономика» (докторантура бар), «Менеджмент», «Есеп және аудит», «Қаржы», «Мемлекеттік және жергілікті басқару» (докторантура бар), «Маркетинг және SMM», «Логистика», «Мемлекеттік аудит», «Әлемдік экономика», «Кәсіпкерлік және жобаларды басқару» (география + математика), «Туризм», «Мейрамхана ісі және қоғам үйі бизнесі» (география + шет тілі), «Құқықтану», «Халықаралық құқық», «Сот және прокурорлық қызмет», «Кәсіпкерлік қызметті құқықтық реттеу», «Қылмыстық кірістерді жылытатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл және экономикалық қауіпсіздік», «Мемлекеттік билік және басқару органдарының қызметін құқықтық қамтамасыз ету», «Бизнесті заңдық қамтамасыз ету», «Жеке құқық» (дүниежүзі тарихы + адам, қоғам, құқық). Мемлицизия: KZ83LAA00018495, «ҚР Білім және ғылым министрлігінің Ғылым және білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті» 28.07.2020 ж. берген, тел.: 8(7212)35-64-05, <https://buketov.edu.kz/>, [priemka@ksu.kz](mailto:priemka@ksu.kz)

№647



• ТУРНИР

# Батыр рухы құрметтелді

Еліміздің «менмін» деген балуандары Қарағандыда. Кеншілер шаһарында Кеңес Одағының батыры, ұшқыш Нұркен Әбдіровті еске алуға арналған грек-рим күресінен 55-ші республикалық турнир өтті. Мәртебелі турнирге 400-ге жуық спортшы қатысты. Қытай, Тәжікстан, Өзбекстан балуандары да доланың көрігін қыздырды. Парламент Мәжілісінің депутаты, Күрес федерациясының президенті, Әлем чемпионы Дәулет Тұрлыханов құрметті мейман болды.



Сурет облыс әкімінің сайтынан

Ерік НАРЫН,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Турнир 5 желтоқсаннан 10 желтоқсанға дейін жалғасты. 5 күн ішінде шын мықтылар анықталды. Қарағанды облысының қоржыны жүлдеге толды. Қарағандылық Әділ Оспанов 70 келі салмақта I орынға ие болды. Бұл қатарда 77 келіде белде-

скен Ибрагим Магомадов та бар. Ал, 97 келі салмақта Серік Бахытханов I орыннан көрінді. 79 келі салмақ дәрежесінде Нұркерім Ернұяз III орын алды. 86 келі салмақ дәрежесінде Максим Петин, 92 келі салмақ дәрежесінде Дәулет Темірбаев III орында. 130 келіде күрескен Асылбек Әбдіқалық пен Еркін Шәйкеновте қола медаль.

Әйелдер арасынан Эльмира Сыздық 76 келі салмақ дәрежесінде жасындай жарқылдап, қарсылас шақ келтірмеді. 50 келі салмақ дәрежесінде Ирина Жәнібекова, 55 келіде Зулфикар Яхиярова, 59 келіде Гүлдана Бекеш күміс медальді қанжығалады. 65 келі салмақ дәрежесіндегі Қорлан Аманова қоланы місе тұтты.

Осы жылы жүлдегерлерге арнап, 24 миллион теңге қарастырылыпты.

I орын алғандарға – 400 мың, II орынға – 200 мың, III орынға 100 мың теңгеден берілді.

– Бұл турнир – еліміздегі мәртебесі жоғары турнирлердің бірі. «Мен мықтымын» деген балуандардың барлығы осында жарқылдағысы келеді. Содан шығар, турнирдің дәрежесі жыл сайын артып келеді. Жыл сайын мықты спортшылар жарыққа шығады. Осындай додалардың көп болғаны жақсы. Баландарымыз үшін бұл жерде көп мүмкіндік бар. Жетімпаздардың барлығын шын жүректен құттықтаймын, – деді турнирдің бас төрешісі Николай Косынич.

Батырды еске алуға арналған бұл турнир сонау 1961 жылы бастау алған. Іргетасын ҚазССР-дің еңбек сіңірген жаттықтырушысы Шарип Харисов пен ҚазССР-дің еңбек сіңірген жаттықтырушысы Феликс Премильский қалаған. Олимпиада ойындарының жүлдегерлері Ислам Байрамуков пен Мәулен Мамыров та бір кездері осы турнирге қатысып, жеңімпаз атанған.

2005 жылдан бастап, әйелдер де қатыса бастаған. Алғашқы жеңімпазы – Елена Шалыгина. Ол – Пекинде өткен XXIX Олимпиада ойындарының күміс жүлдегері.

• ӨНЕР КҮНДЕЛІГІ

# Шарықта, қазақ әні!

Қали Байжанов атындағы концерттік бірлестік алғашқы әншілерін еске алды. «Шалқыма» концерт залында «Сағыныш деп ұқ, далалар жатса, қалалар жатса ән салып» деген классикалық ән кеші өтті. Ән кеші «Ән керуен» жобасының аясында ұйымдастырылды. Қазақ әнінің жауһарларынан шашу шашылды.



Ерік НАРЫН,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Концерттің шымылдығы халық әні «Жырма беспен» ашылды. Әнді дүлдүл әнші, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Жақсыләлі Кемалов орындады. Жастық шақтың ауылынан алты қыр асқан тыңдарманның тұла бойын шымырлар ән бұл. «Жалған-ай, жиырма бес қайта айналып келмес маған!». Дүниенің тоқтамас, аялдамас керуені көз алдында көшіп бара жатады. Жай емес, кеудеңдегі сан мың өкініш пен арманның жанартауын оятып кетеді. Жанартаудан тасып шыққан ыстық жалын өзегіңді күйдірісі сөзсіз. Күйіңнен жаңылдырар күйкі тірлікте бір сәт аялдап, аяу дегенді білмейтін қатал уақыт хақында тереннен ой толғайсың. Қайран жалған...

Содан кейін Біржан салдың әні «Ләйлім шырақ» шықалды. Республикалық ән байқауларының жүлдегері Гүлмира Таппай осы әнге төселген екен. Залдың ішін бір тылсым кезіп жүргендей күй кештік. Көзбен емес, жүрекпен ғана сезілетін ғаламат иірімдер.

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Дәуренбек Әрқенов Ақан серінің «Қараторғайын» шарықтатты. Айта кетейік, «Ән керуен» жобасының авторы осы – Дәуренбек Әрқенов. Ол былтыр қараша айында дәстүрлі әншілердің көркемдік жетекшісі болып тағайындалғаннан бастап осы жобаны қолға алған. Мақсаты – айқын.

– Бұл жобаның көтерер жүгі ауыр. Мәселен, Қали Байжанов атындағы кон-

церттік бірлестікте орын шектеулі. Өнерпаздың бәрін ала бермейміз. Ал, қазақ ауылдарында, осы қаланың өзінде көзге түспей жүрген жас дарындар көп. Бәрінің сахнаға шыққанын қалаймыз. Өнерпаз сахнаға шықпаса қарайып қалады. Міне, осы жоба арқылы талай жұлдызды жағуға болады. Арқа өңірінде домбырамен ән шырайтын асқақ дауысты таланттар өріп жүр. Мен біршамасын білемін. Соларды былтырдан бері сахнаға шығарып келеміз. Бір өнерпаздың жолы ашылса, жоба өз мақсатына жетті деген сөз. Одан бөлек, осы қазақ әні мен күйлерін насихаттау да – негізгі мақсатымыз, – деді Дәуренбек Әрқенов.

Биылғы ән кеші ерекше форматта өтті. Бұл жолы ардагерлер қауымы сахнаға шығып сұхбат берді. Концерттік бірлестіктің тарихы мен кешегі өткен асылдардың ғұмырынан габрат айтылды. Ақадыр кентінен келген күйші, композитор Қуанышбек Бектурсынов пен Тұңғышбай Игенбеков сахна төріне жайғасты.

Концерттік бірлестіктің іргетасын қалаған Мұхит Битенов, Жабай Боғандықов, Қали Байжанов, Мағауия Хамзин, Мағауия Кошкімбаев, Алтын Әлиева, Мұқан Есупов, Жаңыл Қартабаева, Қосымжан Бабаков, Забира Жұбатова жайында естеліктер мен айшықты оқиғалар тілге тиек болды.

Дәуренбек Әрқенов бұл жоба тек әншілермен шектеліп қалмайды деп отыр. Жыршы-жырауларды да осы жобаға қатыстыру жоспарында бар екен.

Суретті түсірген Жангелді ӘБДИҒАЛЫМ


• СҮЙІНШІ!

# Ғылыми еңбек – ағылшын тілінде

Түркияның Анкара қаласында «Тарихи эпос поэтикасы» деп аталатын ғылыми еңбек ағылшын тілінде жарық көрді. Монография авторы – Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті филология факультеті қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы Берік Рахымов.

Ұлттық фольклорды көптен бері зерттеп-зерделеу жүрген ғалымның бұл еңбегі алғашқыда «Қазақ тарихи жырларының поэтикасы» деген атпен Алматыда басылып шыққан. Осының негізінде ықшамдалып, шет елде бүкіл түркі дүниесінің оқырмандарына ортақ қып, әлем тілінде жарияланып отыр.

Жалпы алғанда, тарихи жырлар – өткен замандардың, дәуірлердің шежіресі-жылнамасы іспетті. Сол жылыстап жатқан уақыттың айнасына айналған тарихи жөдігерлерді қайта жаңғыртып, бүгінгі һәм ертеңгі ұрпаққа жеткізудің төте жолы осы ғылыми еңбектер болса керек. Ғылыми еңбектің ең артықшылығы – дәлел-



дермен, тарихи деректермен сөйлейді, мұрағат-мұражайлармен біте қайнасады.

Кенес дәуірінде бұл тақырып жабық болғандықтан, көп нәрсе айтылмай келді. Шынық пен ақиқат алыста қалды. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ғана тарихи жырлардың айы оңынан туып, жарыққа шыға бастады. Зерттеп-зерделеу де қолға алынды. Міне, аталмыш ғылыми еңбектің де қозғап отырғаны осы жайлар. Яғни, тарихи жырлардың тарихына үңіліп, эпос табиғатына тоқталған.

Ендеше, әлемдік тілде жарыққа шыққан ұлттық құндылықтар жайлы жаңа жинаққа ақ жол тілеп, құтты болсын айтамыз!

Әлімжан ЖАҚАН,  
Е.Бөкетов атындағы  
Қарағанды университеті,  
журналистика кафедрасының  
аға оқытушысы

• КӨРМЕ

# «Жеті құндылық» – көрермен назарына

Жақында Теміртау тарихи-өлкетану мұражайында Суретшілер одағының мүшесі Қуат Асқаровтың «Жеті құндылық» көрмесі ашылды. Экспозиция шебердің 60 жылдық мерейтойына орайластырылған.

Аяулым СОВЕТ,  
«Ortalyq Qazaqstan»



Сурет облыс әкімінің сайтынан

Көрмеге автордың соңғы жылдары жазылған жұмыстарының циклінен құралған 20-дан астам ауқымды туындылар қойылды.

– Суретші картина салуға шабытты балалық естеліктен алған. Картиналар қазақ мәдениетіне, дәстүріне орайластырылған. Көрерменге өмірлік құндылықтар туралы ойлауға және білуге мүмкіндік береді, – дейді музей қызметкерлері.


Айта кеткен жөн, Қуат Асқаров – суретші әрі кескіндемеші. Теміртауда дүниеге келген ол Н.Гоголь атындағы Алматы көркемсурет училищесін бітірген. Қарағанды облысы әкімі сыйлығының «Жылдың үздік суретшісі» номинациясының лауреаты әрі Ә.Қастеев атындағы «Үздік шығармашылық үшін» алтын медалінің лауреаты.

– Әр жұмысыма отырған сайын өзімді Құдайдың дәргейінде отырғандай сезінемін. Бұл маған үлкен жауапкершілік жүктейді. Сондықтан, әр туындыма соңғы еңбегім сияқты бар күшімді саламын. Қылқаламы менің 13-ші мүшәм сияқты. Денеммен бірігіп кеткен. Жұмыс біткен сәттегі рахатты сөзбен айтып жеткізу қиын, – дейді автор.

• ЧЕМПИОНАТ

# Боксшылар бабында екен

Қарағандының бокс мектебін әлем жұртшылығы жақсы біледі. Жас қарағандылық боксшылар осы биіктен төмендемей бірден екі байрақты бәсекеде жақсы нәтиже көрсетті. Атап айтсақ, олар Әлем чемпионатында үш және Қазақстан біріншілігінде жеті медаль жеңіп алды.



Сурет облыс әкімінің сайтынан

Жәлел ШАЛҚАР,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Бокстан жасөспірімдер арасындағы Әлем чемпионаты Армения астанасы Ереванда өтті. Оған әлемнің 57 елінен 600-ге жуық боксшы қатысты. Ұлт құрамасы командалық есепте Ресей, Арме-

ния және Өзбекстаннан кейінгі төртінші сағыға тұрақтады. Ел спортшыларының қоржынында төрт алтын және алты қола медаль бар. Бұл нәтижеге Ә.Молдағұлова

атындағы мектеп-интернат-колледжінің тәрбиеленушілері де өз үлесін қосты. Нығмет Нығман, Алина Құдайбергенова және Айша Сариева қола жүлдеге қол жеткізді.

Ал, Орал қаласында өткен Қазақстан чемпионатында да жүлдегерлер қатарынан көріне білді. Облыс құрамасы екі алтын, үш күміс және екі қола жүлдеге ие болып, жалпы командалық есепте бірінші орын биігіне көтерілді. Алмаз Нұрлан мен Иманғали Нұрпейіс чемпион атанса, Руслан Құлымбеков, Алексей Хаванцев және Дамир Синеев күміс медаль еншіледі. Нұрслам Бекен мен Дәулет Күмісбаев қола медальді қанағат тұтты.

– Чемпион атанып, аймақтың абыройын арттырғаныма қуаныштымын. Мұнымен тоқтап қалмаймын. Алдағы уақытта ауқымды спорт додаларында бақ сынап, топ жарсам деймін, – дейді Иманғали Нұрпейіс

